



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті

Жалпы психология

**Тоқсанбаева Н.Қ.
психо.ғ.д., профессор**

Модуль 1

Жалпы психология пәніне жалпы сипаттамасы

Дәріс

Психологияның негізгі салалары және эксперименттік зерттеулердің ерекшеліктері

Психология ғылымының негізгі салалары

Педагогикалық психология - адамды оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі психологиялық заңдылықтар. Ол оқушылардың ақыл – ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың тиісті оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз – шәкірт арасындағы өзара қарым – қатынастарды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады.

Жас ерекшелік психологиясы – әр қилы психикалық процестердің табиғи негізі мен үнемі дамып отыратын азаматтық қасиеттерін, психологиялық сапаларын зерттейтін бұл сала мынадай тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жастар психологиясы, ересектер психологиясы, қарт адамдар психологиясы.

Психология ғылымының негізгі салалары

Арнаулы психология - бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады.

Еңбек психологиясы – адамның іс – әрекет түрлерінің психологиясын, еңбекті ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастыру мәселелерін қарастырады.

Психология ғылымының негізгі салалары

Медициналық психология – дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез – құлқын зерттейді. Бұл сала бірнеше тармаққа бөлінеді, әрбір тармақтың адам психикасын зерттеуге қатысты мақсат – міндеттері бар.

а) Нейропсихология психикалық құбылыстыр мен жоғары жүйке құрылысының физиологиясын және олардың өзара қатынасын зерттейді;

ә) Психотерапия – ауру адамға психикалық әдіс – айла және емдік тәсілдер қолдану мәселелерін қарастырады;

в) Психопрофилактика және гигиена адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асыру жүйесін, оның едіс – тәсілдерін айқындаумен шұғылданады.

Психология ғылымының негізгі салалары

Эксперименттік психология - 80-ші жылдардың басында жүргізіледі, мұнда отандық психологтар оқыту жұмыстарында және зерттеулерде пайдаланды.

Алғашқы оқулық Р.Готсданкердің (1982ж) «Психологиялық эксперименттің негіздері» мұнда жан-жақты мәселелер қарастырылып қазіргі эксперименталдық –психологиялық зерттеудің жоспары ұсынылды.

Психология ғылымының негізгі салалары

«Эксперименттік психология» термині әр түрлі қаралады:

1. Эксперименттік психология негізінде (В.Вундтың, С.Стивенстің) адам мен жануар мінез-құлқының эксперименталды оқыту. Бұл көзқарас П.Фресса мен Ж.Пиаженің «Эксперименттік психологиясында » көрініс табады.
2. Эксперименттік психология - эксперименттік әдістер мен әдістемелерді нақты ғылыми зерттеулерге бағыттау жүйесі ретінде қаралады.
3. «Эксперименттік психология» термині психологиялық зерттеулердің әдістемелерін шұғылданушы мәселелерге бағыттап оны ғылыми сипаттама беруге көмектеседі.

Психология ғылымының негізгі салалары

Эксперименттік психология ғылымы - адамзат іс-әрекетінің нәтижелерін тиімді, дәлелді түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Барлық нәтижелер – «эмпирикалық практикалық білім» шкаласына негізделініп: бірдейлік фактісі, эмпирикалық жалпылау, модель, заңдылықтар, теория.

Эксперименттік психология

Ғылыми зерттеудің әдіснамалық өлшем процесі, мынандай сипатта беріледі:

1. Жорамал ұсыну;
2. Зерттеуді жоспарлау;
3. Зерттеуді өткізу;
4. Алынған интерпретация;
5. Жорамалдың жалған екенін немесе дұрыстығын мәлімдеу;
6. Жорамалдың жалған болған жағдайда- жаңа жорамал құру;

Эксперименттік психология

Эксперименттік психологияның негізгі зерттеулерінің нәтижесінде адам іс-әрекетінің жан-жақты талдауға болады. Зерттеудің сипаттамасына орай:

Іргелі зерттеу - ақиқаттылықты танып-білуге бағытталған, бірақ бұл жерде білімді қолданудың тәжірибелік әсері ескерілмейді.

Пәнаралық зерттеу - әр түрлі ғылыми пәндердің бірігіп және түрлі областағы мамандардың бірігуін талап етеді (этнопсихология, социология, психолфизиология)

Аналитикалық зерттеу - немесе бір факторлы зерттеу-бір маңызды бағытқа жүргізіледі.

Эксперименттік психология

Кешенді зерттеу - әр түрлі әдістерді, әдіснамаларды жеткілікті түрде пайдалана жүргізу.

Қолданбалы зерттеу - нақты практикалық тапсырмаларды шешу үшін қолданылады, ол туралы білім қалыптасалы.

Монодисциплинарлық зерттеу - жеке ғылым аймағында (мысалы психологияда) жүргізіледі.

Эксперименттік психология

Зерттеу жүргізілу үшін мақсатқа орай бірнеше типтерге бөлінеді:

Іздену зерттеу - мәселені шешу үшін түрлі жолдарды қаралады, түрлі әсістер таңдалады.

Сыни зерттеу - ол теорияның, модельдің, гипотезаның, заңдылықтардың жалған немесе жалған еместігін анықтау мақсатында жүргізіледі. Сыни зерттеу екі альтернативтік жорамалдық нақтылығын-1-ден кеңінен талданған теориялық білім және 2-ден кеңінен талданған эмпирикалық білім мен нәтижелі әдістердің бірлігінде қол жеткізіледі.

Эксперименттік психология

Қорытынды зерттеу - барлық эксперименттік жұмыстардың жоспарына нақты тұжырымдардың жасалуы.

Қайталап тексеру - экспериментті мақсаты түрде нақты қайталап, оның сенімділігін, дәйектілігін және алынған нәтижесінің объективтілігін анықтау, қандай да бір эксперименттің нәтижесі өзіне ұқсас (аналогиялық) экспериментпен салыстыра қаралуы керек.

Дәрісте пайдаланылған әдебиеттер:

- Высоков, И.Е. Общепсихологический практикум. Учебное пособие / И.Е. Высоков., Ю.Е. Кравченко, Т.А. Сысоева. – Л.: ,2015. – 508с.
- Корнилова, Т.В. Методологические основы психологии: учебник для вузов / Т.В. Корнилова, С.Д. Смирнов. – Москва: Юрайт, 2013. – 490с.